



## Күзетілетін объектілерге алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттектердің тізбесін бекіту туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Күзет қызметінің бастығының 2014 жылғы 29 тамыздағы № 94 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 30 қыркүйекте № 9767 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 2018 жылғы 9 қазандағы № 11-244 қбп бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Мемлекеттік күзет қызметі бастығының 09.10.2018 № 11-244 қбп бұйрығымен**

"Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 9-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Күзетілетін объектілерге алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттектердің тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Екінші департаменті белгіленген заңнамалық тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықпен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы таныстырылсын.

*генерал-майор*

*А. Күреңбеков*

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік  
күзет қызметі Бастығының  
2014 жылғы 29 тамыздағы  
№ 94 бұйрығымен бекітілген

## Күзетілетін объектілерге алып өтуге тыйым салынған заттар мен заттектердің тізбесі

1. Қару:

1) оқатар;

2) зақымды, газды және жарықтық-дыбыстық әрекет оқтары бар ұңғысыз;

3) суық, сондай-ақ суық қаруға жатпайтын пышақтардың әртүрлі түрлері;

4) лақтыру;

5) пневматикалық;

- 6) газды;
  - 7) электр;
  - 8) сигналдық;
  - 9) зақымдау әрекеті радиоактивтік сәулелену және биологиялық әсер етуді пайдалануға негізделген қару және өзге де заттар;
  - 10) Зақымдау әрекеті электромагниттік, жарықтық, жылулық, инфрадыбыстық немесе ультрадыбыстық сәулеленуді пайдалануға негізделген қару және өзге де заттар;
  - 11) қарудың жоғарыда көрсетілген түрлерін имитациялайтын заттар;
  - 12) қару ретінде пайдаланылуы мүмкін заттар (соғатын-бөлшектейтін, лақтыру және шанышпалы-кесуші әрекеттер заттары);
  - 13) қарудың оқ-дәрілері және оның құрамдас бөліктері.
2. Адам ағзасына жас ағызғыш, тітіркендіретін, және басқа да жағымсыз әсер етумен жабдықталған механикалық және аэрозольдік бүріккіш және басқа да құрылғылар;
3. Заттектер:
- 1) жарылғыш;
  - 2) есірткі;
  - 3) психотроптық;
  - 4) улы;
  - 5) уландырғыш;
  - 6) радиоактивтік;
  - 7) ащы;
  - 8) пиротехникалық;
  - 9) оңай тұтанатын.
4. Сынған фото, бейне және дыбыс жазатын аппараттар.